

Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және біріңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Байзак аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 мамырдағы № 2-3 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 маусымда № 3110 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзак аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 ақпандағы № 18-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзак аудандық мәслихатының 26.02.2024 № 18-6 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес, Байзак аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Жамбыл облысы Байзак аудандық мәслихатының 16.03.2018 № 26-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге біріңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау аудандық мәслихаттың аумақты экономикалық дамыту, қаржы, бюджет, әкімшілік аумақтың құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері және жер участкерлерін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарau жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2016 жылдың 1 шілдесінен қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
хатшысы

Н. Тлепов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК